

**8D01401 – «Музыкалық білім»/ 8D01402 – «Музыкалық орындаушылық және педагогика»
білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
КУЛДАНОВ НАУРЫЗ ТАЛГАТОВИЧТІҢ
«Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының
креативтілігін дамыту» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлердің сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі таңда еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына ұсынған Жолдауларының стратегиялық бағдарламаларына, Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқытуды және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыруды көздеген Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, ҚР «Білім туралы» Заңына және Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына негізделген. Осындай мемлекеттік құжаттарда айтылған идеялар болашақ музыкалық білім бакалаврларын оқыту үдерісіне шығармашылық тұрғыдан қараудың қажеттілігін айқын көрсетеді. Сондай-ақ, 2021 жылы қабылданған «Креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасы» да бұл мәселенің өзектілігін арттыра түседі. Онда креативтілікке негізделген білім мен құзыреттерді игерген, жаңа формациядағы шығармашылық қабілетті мамандарды даярлау – ел дамуының маңызды басымдығы ретінде

			көрсетілген. Мұнда мәдениет пен өнер салалары – шығармашылық экономиканың негізгі секторлары ретінде аталып, зияткерлік капитал мен креативті әлеуетті дамыту арқылы қоғамның жаңаруына ықпал ететін маңызды факторлар ретінде бағаланады. Қазіргі білім беру жүйесі креативтілік пен инновациялық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған икемді және бейімделгіш оқу модельдерін қажет етеді. Дәстүрлі оқыту жүйесінен шығармашылыққа негізделген, білім алушының ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін оқыту жүйесіне көшу – болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби дамуына жаңа серпін береді. Осы тұрғыдан алғанда, музыкалық білім беру үдерісіне креативтілік пен шығармашылыққа жетелейтін педагогикалық тәсілдерді жүйелі түрде енгізу – тек жеке тұлғаның ғана емес, жалпы қоғамның шығармашылық және зияткерлік әлеуетін арттырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Осылайша, болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін вокалды оқыту үдерісі арқылы дамыту – қазіргі білім беру жүйесінде маңызды және уақыт талабына сай өзекті мәселелердің бірі болып табылады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Диссертацияның құрылымы, тақырыптық-мазмұндық желісі жүйелі, ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді және практикалық тұрғыдан да өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Зерттеуде қол жеткізген тұжырымдамалар мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастың тиянақтылығымен маңызды болып табылады. Зерттеу музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін дайындау, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы оның тиімділігін дәлелдеу, ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар беру мәселелерін шешудің жаңа әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерін тәжірибе жүзінде ілгерілетуге мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс музыкалық білім бакалаврларының

			креативтілігін дамыту саласында кәсіби музыкалық білім беру жүйесінің зерттелу аясын кеңейте түсетін іргелі еңбек болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары және өзі жазу принципіне сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері орындалып, тәжірибелік тиімділігі дәлелденген. Ізденуші зерттеудің жетекші идеясын музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың ғылыми-теориялық және практикалық негіздері анықталып, оқу үдерісіне енгізілуі қазіргі еңбек нарығында бәсекелестікке қабілетті, кәсіби құзыреттіліктерге ие музыка мұғалімдерінің даярлануына ықпал етеді деп қарастырады. Жұмыс аяқталған, өзіндік қорытындысы бар, тұжырым жасалған, дербес орындалған жұмыс болып саналады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен бүгінгі күнгі маңыздылығы жан-жақты айқындалып, негізделген. Ізденуші жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. Диссертация нәтижелерінің ішкі тұтастылығы кіріспедегі ғылыми аппаратында, бөлімдер мен тарауда, тұжырымдарында көрініс тапқан. Зерттеу материалдары тұтастылығымен, логикалық бірізділігімен және қисынды бірлігімен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны өзара байланыста және сабақтастықта құрылған. Алынған нәтижелер қойылған болжамдарды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған. Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі теориялық-әдіснамалық және салыстырмалы-практикалық тұрғыдан дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкес келуімен, алынған нәтижелер мен тұжырымдамалардың тәжірибеге ендірілуімен, олардың тиімділігін эксперимент жүзінде тексерілуімен қамтамасыз етіледі. Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдары, дәлелдері мен дәйектемелерінің ғылыми

			маңыздылығы жоғары деңгейде.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Н.Т. Кулданов диссертациялық жұмысын жазу барысында зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, халықаралық ғылыми-практикалық топтамаларды, заңнамалық құжат түріндегі материалдарды пайдаланған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сай келеді. Диссертациялық зерттеу барысында докторант алдына қойған мақсаты мен міндеттерді толық орындаған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	Рецензиялауға ұсынылып отырған «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие. Диссертацияның бөлімдері мен тараулары зерттеу тақырыбының мазмұнын жан-жақты ашып талдауға және жұмыстың біртұтастығына негіз бола алады. Әрбір бөлім қорытындылары қысқаша тұжырымдалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыстың әр бөлімінде ізденуші Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып сыни талдау жасап, өзіндік пікірін тұжырымдаған. Жалпы педагогикалық және кәсіби музыкалық білім беру саласындағы әдістемелік еңбектерге сүйене отырып, автор музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін вокалды оқыту үдерісі арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындайды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін вокалды оқыту үдерісі арқылы дамытудың педагогикалық шарттары анықталып, практикалық тиімділігі педагогикалық эксперимент нәтижесінде дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Н.Т. Кулдановтың диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады:

	1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	- Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, пәнаралық контексте креативтіліктің тұжырымдамалық негіздері мен феноменологиясы зерттелген; - Екінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, алғаш рет «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі» және «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» түсініктерінің мазмұны мен құрылымы нақтыланып, ғылыми тұрғыда сипаттама берілген; - Үшінші ғылыми нәтиже жаңа. Өйткені, вокалды оқыту үрдісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдіснамалық негіздері айқындалған; - Төртінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған; - Бесінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, вокалды оқыту үрдісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда дәлелденіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертация қорытындысы зерттеу жұмысы бойынша қойылған міндеттерге сәйкес жүргізілген зерттеу нәтижелеріне негізделген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі бойынша бірнеше ұсыныстар жасалған. Диссертанттың жұмысы ғылыми негізделген зерттеу ретінде ғылыми жаңашылдық принципіне сай келеді.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Автордың ұсынып отырған зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік негізі жаңа әрі негізделген болып табылады. Зерттеу тақырыбына қатысты мәселелерді шешу барысында теориялық, эмпирикалық, зерттеу нәтижелерін сапалы талдау әдістері, эксперимент нәтижелерін өңдеудің математикалық

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	статистикалық әдісі қолданылған. Зерттеу әдістемесін практикада жүзеге асыру барысында болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың педагогикалық шарттары ұсынылып, тиімділігі тексерілді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ізденуші Н.Т. Кулдановтың диссертациялық жұмысында келтірілген барлық тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми тұрғыдан теориялық және эмпирикалық зерттеулердің нәтижесіне негізделіп, дәлелденген. Теориялық зерттеуде зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерді, ғылыми әдебиеттерді талдау; салыстыру, жинақтау; білім беру жүйелеріне қатысты стандарттар, білім беру бағдарламалары, нормативтік құжаттар және педагогикалық озық тәжірибелерге талдаулар жасау, жинақтау, салыстыру, модельдеу әдістері пайдаланылды. Эмпирикалық зерттеуде бақылау әдісі, әңгімелесу, сұхбат жүргізу, сауалнама, диагностикалау, педагогикалық зерттеу әдістері қолданылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	7.1 Диссертациялық жұмыста берілген қағидаттар зерттеу нәтижелері арқылы негізделіп, тұжырымдалған. Сол себепті қорғауға ұсынылып отырған ережелер <u>дәлелденген</u> болып табылады.
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> .	7.2 Қорғауға ұсынылған ережелер жаңа болып табылады, сол себепті олар тривиалды емес.
		7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	7.3 Диссертанттың зерттеу жұмысының қорытындылары <u>толықтай жаңа</u> .

		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>	7.4 Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы ережелерінің қолдану деңгейі кең. Себебі, зерттеуде ұсынылған қағидаттардың басым бөлігін мектеп сатысында және педагогикалық университеттер мен колледж қабырғасында болашақ музыкалық білім бакалаврларын даярлауда, сонымен қатар, басқа да оқу орталықтарында қолдануға болады.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары мен қорытындылары 8 ғылыми еңбекте жарық көрді. Оның ішінде: ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдарда – 5, Scopus және Web of Science дерекқоры базасына кіретін шетелдік басылымында – 2, Шетелдік ғылыми басылымдардағы жарияланымдарда (Украина) Білім және Ғылым министрлігінің ЖАК ұсынған басылымда – 1 мақала жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	Зерттеу жұмысындағы әдіснаманың таңдалуы және қолданылуы негізделген. Зерттеуде бақылау әдісі, әңгімелесу, сұхбат жүргізу, сауалнама, диагностикалау, педагогикалық зерттеу әдістері, зерттеу нәтижелерін сапалы талдау әдістерін қолдану арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізілген. Зерттеу жұмысында қолданылған әдістер дәйекті дұрыс таңдалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар педагогикалық эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәліметтер зерттеу барысында қолданылған 243 әдебиетке сілтеме жасалумен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Тақырыпқа сәйкес пайдаланылған әдебиеттер тізімі нақты әрі жеткілікті қолданылған. Әдебиеттер соңғы жаңалықтар мен зерттеулерден дерек беретін әлемдік рейтингті журналдардан, монографиялар мен диссертациялардағы ақпарат көздері болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін вокалды оқыту үдерісінде дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары ұсынылып, болашақ музыка мұғалімдерін даярлау үдерісі қазіргі талаптарға сай болып, жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне жол ашады. Атап айтсақ: болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін вокалды оқыту үдерісінде дамытудың үдерісі теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді; вокалды оқыту үрдісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада	Диссертацияның практикалық маңызы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.

		қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Бакалавриат және магистратура деңгейлерінде қолданыла алады, сондай-ақ «Вокал және әншілік креативтілік» элективті курсының бағдарламасы дайындалды; зерттеу нәтижелері жоғары білімнің бірінші (бакалавр) деңгейіндегі музыкалық білім беру және музыкалық өнер саласындағы болашақ мамандарды даярлау үдерісіне қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Оларды кәсіби музыкалық білім беруде вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту саласындағы мамандарды даярлауда қолдануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс ғылыми стильде жазылып, барлық талаптарға сай рәсімделген. Жұмыс мазмұны тақырып мақсатын толықтай ашып, ғылыми еңбектің сапалы орындалғанынан дерек береді. Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.
11	Диссертацияға ескертулер	Диссертанттың зерттеу жұмысының мазмұнына ұсыныс ретіндегі бірнеше ескертпелерді беруге болады: 1. Музыкалық білім беру жүйесінде болашақ педагогтың шығармашылық әлеуетін, креативті ойлау қабілеттерін дамыту мәселелері жайлы теориялық талдаулар өте кең қамтылған, алайда кей талдауларда докторанттың өзіндік пайымдаулары қысқаша берілген; 2. Диссертацияда креативтілікті дамытудағы ұғымдық-категориялық аппарат бірнеше ғылыми категориялар мен ұғымдар арқылы түсіндіріледі, бірақ осы орайда қазақстандық ғалымдардың еңбектері аз қарастырылған; 3. Диссертациялық жұмыста қазақ тіліне аударылған терминдердің қазақша баламалары мен әріптік-грамматикалық қателіктер кездеседі. Дегенмен, бұл ескертулер диссертацияның жалпы мазмұнының құндылығын түсірмейді, беріліп отырған ескертпелерді ұсыныс ретінде қабылдауға болады.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша	Н.Т. Кулдановтың диссертациясы аясында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сай тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды.	

	ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Шешім: Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми құндылығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары, талаптарға сәйкес орындалған және толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы ретінде оң бағаланады. Кулданов Наурыз Талгатовичке 8D01401 – «Музыкалық білім»/ 8D01402 – «Музыкалық орындаушылық және педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру лайықты деп есептеймін.

Рецензент:
PhD, Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті
«Музыкалық орындаушылық және педагогика»
кафедрасының меңгерушісі


Д.Е.Кожебаев қолын
РАСТАЙМЫН
"ҚазҰӨУ" РММ
Мамандармен жұмыс жүргізу бөлімінің жетекшісі
Д.Е. Кожебаев